

Ескелді аудандық мәслихатының кейбір шешімдерінің күші жойылды деп тану туралы

Алматы облысы Ескелді аудандық мәслихатының 2016 жылғы 23 мамырдағы № 4-22 шешімі

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңының 7 - бабына, Қазақстан Республикасының Үкіметінің 2011 жылғы 25 тамыздағы №964 Қаулысымен бекітілген нормативтік-құқықтық актілердің құқықтық мониторингін жүргізу қағидасына сәйкес, Ескелді аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Ескелді аудандық мәслихатының 2013 жылғы 8 қарашадағы "Ескелді ауданы бойынша жер салығының базалық ставкаларын жоғарылату туралы" (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 2013 жылдың 13 желтоқсанында № 2524 тіркелген, "Жетісу шұғыласы" газетінде 2013 жылдың 27 желтоқсанында № 52 жарияланған) № 26-148 шешімінің және Ескелді аудандық мәслихатының 2016 жылғы 6 январь "Ескелді ауданы мәслихатының 2013 жылғы 8 қарашадағы №26-148 "Ескелді ауданы бойынша жер салығының базалық ставкаларын жоғарылату туралы" шешіміне өзгерістер енгізу туралы" (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 2016 жылдың 3 ақпанында № 3686 тіркелген, "Жетісу шұғыласы" газетінде 2016 жылдың 11 наурызында № 11 жарияланған) № 61-344 шешімінің күштері жойылды деп танылсын.

Ескелді ауданы мәслихатының

VI шақырылымындағы

IV сессиясының төрағасы

Ескелді ауданы

мәслихатының хатшысы

Қ. Тастанбаев

Қ. Алпысбаев